

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
АСАНОВА Ұлмекен Отарқызының
60 жасқа толған мерейтойына арналған

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ

АСТАНА, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ*

АСТАНА
2022

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

Жалпы редакциясын басқарған:
Құлманов Қуандық Сәндібекұлы
Филология ғылымының кандидаты, профессор

Жауапты шығарушылар:
Абдуова Б.С., Әділбек А.М., Мағзұмбекова Ә.Қ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының 60 жасқа толған мерейтойына арналған **«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар»** атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. 25 қараша 2022 ж., Астана, ЕҰУ. – 356 б.

ISBN 978-601-337-778-0

«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары жинағына қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері, тілдерді заманауи оқыту және инновациялық технологиялар, мәдениетаралық коммуникациядағы түркі тілдері секілді қазіргі көкейкесті зерттеулер, ғылыми материалдар енгізілген. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының еңбектері, ұстаздық болмысы, ғалымдығы жайлы мақалалар қамтылған.

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

ISBN 978-601-337-778-0

арқылы бірін-бірі бағындырады. Тарихи мәні зор деректер тілде сақталып қалған және сөздік қордың ауқымды бөлігін құрайды. Түркі тілдерінің дамуында олардың тарихи сипатын, түп-төркінін бірден аңғару мүмкін болмас, дегенмен жан-жақты зерттеу нәтижесінде күңгірт тұстар дамып айқындалады. Түркі тілдері қай заманда болмасын тарих сахнасынан өзіндік орнын, қадір-қасиетін жоғалтқан емес. Келешекте мәдениетаралық тілдік қарым-қатынаста түркі тілдерінің дамуы белгілі бір өзіндік орнын ала отырып маңыздылығын жоғалтпайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Юсупова А.Ш. Двухязычная лексикография татарского языка - 2008.
2. Булекбаев С.Б. Тюркский вклад в мировую культуру и цивилизацию - 2016
3. Золотницким Н. И. Корневой чувашско-русский словарь - Казань, 1875. - VIII, 279 с.
4. Тер-Минасова С.Г. Тіл және Мәдениетаралық коммуникация -2018

ГИБРИДТІ ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ

Жүнісова К.К., аға оқытушы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аннотация. Мақалада білім берудегі цифрлық оқыту, гибриді оқыту жүйесі, инновациялық технологиялардың қолданылуы, оқу үдерісіне цифрлық технологияларды енгізуде қолданылатын жаңа әдістемелер және оның нәтижелеріне қойылатын талаптар сипатталады.

Кілт сөздер: гибриді білім беру, цифрлық білім беру, цифрлық бұрылыс, цифрлық оқыту, білім беру үдерісі, білім беру технологиялары

Аннотация. В статье рассматривается цифровое обучение в образовании, применение инновационных технологий, новые методики, применяемые при внедрении цифровых технологий в учебный процесс и требования к его результатам.

Ключевые слова: гибридное обучение, цифровое образование, цифровой поворот, цифровое обучение, образовательный процесс, образовательные технологии

Бүгінгі күндегі цифрлық технологияның адамға әсері білім беру үдерісін біршама жаңа бетбұрысқа әкелді. Цифрландыру қазіргі адамның санасына, оның әлемді қабылдауына жаһандық ішкі өзгерістер әкелгені сөзсіз.

Цифрлық білім беруде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі жаңа нәрсе емес. Қазіргі заманғы байланыс технологиялары (ғаламтор) және компьютерлерді кеңінен қолдану күнделікті өмірге енгізіліп, қолданыс тапқанына біршама уақыт өтті. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Білім беру жүйесіндегі цифрландыруға қызығушылық алдымен батыс елдерінде

цифрлық (электрондық) технологиялардың қарқынды дамуына байланысты пайда болды. 2002 жылы Американдық ғалымдар Д.Джонсон мен Л. Бакер білім беру жүйесін цифрландыру туралы «Оқыту мен оқытудағы технологиялардың әсерін бағалау» атты алғашқы ғылыми еңбектерін шығарды. Ғалымдар алғашқылардың бірі болып білім беруде цифрлық технологияларды қолдану мүмкіндігі туралы ой білдірді. Авторлар білім берудің әртүрлі салаларында когнитивті, аффективті білім берумен қатар, оқыту үдерісінде және педагогикадағы өзгерістерде, мұғалімнің технологиялық дағдыларын жақсартуда және технологиялық интеграцияда білім беруді цифрландырудың мүмкін болатын артықшылықтары мен кемшіліктерін сипаттады [1,119-137]. Сонымен қатар бүгінде бірнеше батыс елдерінің цифрландыру тәжірибесін зерттеу бірқатар ұқсас тенденцияларды анықтауға мүмкіндік беруде. Мәселен, өзім қатысқан екі апталық семинардың нәтижесінде Француз, Испан, Швейцария және Бельгия жүйелерінің тұжырымдамаларында, стратегиялары мен тәжірибелерінде осы цифрлық технологиялардың кеңінен қолданыс тапқанына көз жеткіздім. Шетелде қолданыс тапқан электрондық курсты қалыптастыру құралдары:

1. Жаңа технологиялар – құжаттарға, жобаларға, бағдарламаларға бірлесіп қол жеткізуді жүзеге асырады: *Yandex-диск, Google-диск, GoogleDOCs*;
2. *LMS Moodle, Google, арнайы жүйелердегі тест* - бақылау тәсілі ретінде;
3. Скринкаст – экрандағы видео жазба: *ScreenCast-O-matic, Camtasia, Snagit, ScreenFlow, Movavi*;
4. Вебинары – видеобейне арқылы тікелей көрсетілім: *Zoom, MyOwnConference, Skype, ON24, Livestorm, Adobe Connect, ClickMeeting*
5. Бейнекурстар – кестелер мен айрықша мәліметтері бар бейнежазба: *YouTube (дайын бейнежазба). Бейнежазба құрастыру құралдары: Powtoon, Moovly, Animatron, iMoovie, Vyond.* [2].



Wordpress

Youtube

Google Drive

One Drive

Елімізде де заманауи цифрлық технологиялар білім беру жүйесінде кеңінен қолданыс табуда. Заманауи оқыту жүйесі болып табылатын гибриді оқыту жүйесі көптеген ЖОО мен білім беру мекемелерінде жүзеге асырылуда. Гибриді оқыту дегеніміз – (аралас оқыту) оқу үдерісін құрудың дәстүрлі қағидаттарын сақтаумен және электрондық оқытудың инновациялық ақпараттық-коммуникациялық технологияларын енгізумен сипатталады. Сондай-ақ, гибриді оқыту – дәстүрлі және электронды нұсқалардың әлеуетті мүмкіндіктерін біріктіретін перспективалық оқыту жүйесі болып табылады. Менің ойымша, білім берудің осы түрін дамыту білім берудің барлық саласын жаңғыртудың маңызды бағыттарының бірі бола алады.

Гибриді оқытуда цифрлық технологияны пайдалану – білім алушыға материалдың бірыңғай қарқыны мен көлеміне байланбауға, шығармашылық арқылы жеке зерттеулер мен әзірлемелер дайындауға, сондай-ақ өзара виртуалды ынтымақтастық орнатып, ізденісте ақпарат көздеріне мол мүмкіндіктер ашады. Болып жатқан өзгерістерді қолдау үшін қажетті функционалдық технология – электрондық оқыту жүйесі (ЭО, e-learning), бұрын білім беру үдерісіндегі қажетті формалардың бірі болып, 2020 жылы "білім беру" санатындағы әлемдегі ең үздік он сайттардың қатарына кірді, ал ZOOM бейнеконференция қызметі 2020 жылдың наурызында күнделікті ақылы және ақысыз түрде білім беру үдерісіне енді. Оның бүгінгі күндегі пайдаланушыларының саны 200 миллионнан асты [3,140].

Microsoft Teams – орталықтандырылған платформа, ол бірлесіп жұмыс істеу үшін виртуалды аудиторияларды құруға және білім алушылар мен оқу орнының қызметкерлеріне өзара электронды оқыту кезінде бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Оны пайдалану үшін білім беру ұйымының берген арнайы аккаунты (логин және пароль) болуы керек. Командалар, бұл - оқу орнының білім алушылары мен қызметкерлерінің тобы. Командалар белгілі бір тақырыпқа немесе жобаға сай құрылады. Чат, бұл – шектелмеген, уақытша немесе тұрақты сөйлесу бөлмелері. Чаттар топтық және жеке түрде қолданылады. Қазіргі таңда біз оқу үдерісінде осы платформаны кеңінен пайдаланып, ашық сабақтар, пікірталастар, жиналыстар, форум, дөңгелек үстел өткізудеміз.

Гибридік білім беруде цифрлы ресурстар арқылы студенттерге әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы сабақтарды ұйымдастыруға болады, яғни, мультимедиялық проектор арқылы даярланған цифрлық нысандар мен бейнероликтер көрсету, білім алушыларға баяндамалар, презентациялар, рефераттар дайындауға және электронды оқулықтар арқылы өз түйген ойын қысқаша түрде жеткізуге мүмкіндік беру арқылы шығармашылықтарын арттыруға ықпал етеді.

Желідегі ақпараттарды іздеу және өңдеу – реферат-рецензия жазу, библиографиялық тізімді құру, вебшолғыштарды, мәліметтер базасын, ақпаратты іздеу және ақпараттық анықтамалық жүйелерді, автоматтандырылған кітапханалық жүйелерді, электронды журналдарды қашықтықтан пайдалану мүмкіндіктері туып, осы цифрлық технологиялардың негізінде білім алушыға қолайлы жағдайлар туындауда. Білім алушылар

пікірталас материалын, ғылыми лексиканы, дизайнды, графиканы сауатты қолдануды ескере отырып, ақпараттық ресурстарды қолданып, тақырыптық кестелерді толтырып, зерделейді.

Цифрлық білім беру ресурстары негізінде студенттерге анимациялық бейне үзінділер, дыбыстық файлдар, бейнероликтерді талдау бойынша тапсырмалар беру – шығармашылық қабілетті арттырудың бірден бір жолы. Цифрлық оқытудың бұл жаңа мүмкіндіктері гибридтік білім беру жүйесінде қолданылып, оқу сабақтарын қызықты, әрі қолайлы өткізуге мүмкіндік туғызуда. Білім алушылар әртүрлі жобалық іс-шараларға қатысып, зерттеудің негізгі әдістерін (әдебиеттерді талдау, ақпарат көздерін іздеу, мәліметтерді жинау және өңдеу, алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан түсіндіру, жаңа мәселелерді, болжамдарды, оларды шешу тәсілдерін көру және алға жылжыту) білімдері мен дағдыларын көрсетеді.

Гибридтік білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарындағы ақпараттық кеңістікті құру бойынша цифрлық білім беру технологияларын сабақта қолдану – білім алушының шығармашылық әлеуетін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар, ақпараттық технологияларды сауатты меңгеруіне зор ықпалын тигізеді, дербес жұмысты ұйымдастыру барысында білім алушылардың кәсіби біліктілігі мен құзіреттілігін үнемі арттыруға мүмкіндік туғызады.

Қорыта айтқанда, еліміз жаңа технологиялар заманының ағымымен ілесіп, дамып келе жатыр. Алдағы уақытта да оқытудың басқа да жаңа мүмкіндіктері туып, оны оқыту үдерісінде тиімді пайдалану жолдары айқындалатынына кәміл сенімдімін. Бұл технологиялар адамзаттың өмір сүруін жеңілдетіп, пайдасына жарары хақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Такиуллин Т.Р. Цифрландырудың білім беру жүйесіне әсері // Жас ғалым. 2021. № 47 (389). - Б. 58. - URL: <https://moluch.ru/archive/389/85723/>

2.«Разработка и внедрение новых педагогических технологий. Опыт ведущих европейских высших учебных заведений» онлайн семинарының материалдарынан. 14-24.11.2022 ж.

3.Михайленко Т.М. Игровые технологии как вид педагогических технологий // Педагогика: традиции и инновации: Междунар. науч. конф. (г. Челябинск, октябрь 2019 г.): материалы. – Челябинск, 2019. с.140-146.